

Акция

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУҒА ШАҚЫРАДЫ!



Өткен сенбіде елді мекендердің аумақтарын көгалдандыру, санитарлық тазалау және абаттандыру іс-шаралары айлығы аясында «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының бастамашылығымен «Таза су айдындары» жалпыреспубликалық тазалық акциясы өтті. Ойыл өзені жағалауын қоқыс - қалдықтардан тазарту жұмыстарына мәслихат депутаттары - фракция мүшелері, партия активі және «Jas Otan» жастар қанаты атсалысты. «Nur Otan» партиясы

Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркін Жиеналин мен Ойыл аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин бастап шыққан тазалық акциясы кезінде көпірдің сол жағалауынан «Ашықпай» тоғайына дейінгі аралықта өзеннің жағалауы тұрмыстық қалдықтардан тазартылды. Жыл сайын өткізіліп жүрген тазалық акциясы өлі де жалғасын табатын болады. Өйткені өзенге суға шомылуға болмаса, балық аулауға барғандар тұрмыстық қал-

дықтарын жинап өкетеуге бейімделмеген десек артық айтқандық емес. Табиғатты аялау дегеніміз туған жеріңе деген шексіз құрмет емес пе? Құрметті аудан тұрғындары арнасынан алыстап сығыра аққан өзенімізге өгей баланың күйін кештірмейік десек, қоршаған ортамызға қамқорлық танытайық.

Р.С. Көзқиң жасынғау Ойыл өзенінің қазіргі тағдыры ең жайлап отырған елдің жасынан жасамысына қейін толғанқырып, қаит-

кенге арнаған қашқан суын қайтарамыз деп алаң боп жүргені анық. Осы орайға жасаған тазалық шарасы мәслихат депутаттары - фракция мүшелері, партия активі және «Jas Otan» жастар қанаты Ойыл проблемасына қосқан тамшыдай болса да үлесі деп білеміз.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

КӘСІПКЕР ҚҰҚЫҒЫ - БАСТЫ НАЗАРДА!

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН БЕРІ КӘСІПКЕРЛІКТІ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫҰҒА ҮЛГІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕРЕКШЕ КӨНІЛ БӨЛУДЕ.

Еліміз үшін сындарлы кезеңдерде мемлекетімізде қабылданған батыл шаралар орнықты отандық кәсіпкерлер буынын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Еліміздің кәсіпкерлік секторы басым жағдайда шағын субъектілерден тұрады. Азаматтық заңнамамен реттелетін қатынас саласында кәсіпкерлер заңмен тыйым салынғаннан басқа кез-келген іс-әрекет жасауға құқылы. Кәсіпкерлердің құқығы мен заңды мүдделерін қорғау – бұл құқыққа қол сұқпауды қамтамасыз етуге, бұзған жағдайда және бұзу салдарын жойған кезде оны жүзеге асыруға, жандандыруға бағытталған заңмен қарастырылған іс-шаралар жүйесі.

Осы орайда, аудан прокуратурасы тұрақты түрде кәсіпкерлер құқықтарын қорғау мақсатында мониторинг жүргізуде. Кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын дереу қалпына келтіру мақсатында аудан прокуратурасының және басқа да

үкілетті органдардың қызметкерлерімен құрылған арнайы мобилді топ өз қызметін жүзеге асыруда. Сондықтан, кез-келген кәсіпкер өзінің құқығы бұзылған жағдайда 8 (71332) 21-6-78 және 8 707 619 76 27 байланыс нөмірлеріне хабарласуына болады.

Жалпы, жыл басынан бері жүргізілген мониторингпен 9 кәсіпкердің құқықтарының бұзылғаны анықталып, аудан прокуратурасының араласуының нәтижесінде оларға жалпы 2 855 687 теңге көпіл жарналары қайтарылып берілді.

Сондықтан, кез-келген кәсіпкер өзінің құқығы бұзылған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік қадағалаушы органдардың заңсыз араласуы орын алған жағдайда жоғарыда аталған байланыс нөмірлеріне хабарласуға болатынын жеткіземіз.

Н. ЕРМЕКБАЕВ,
Ойыл ауданы
прокуратурасының
аға прокуроры.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖЕМІСІ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ОҢАЙЛАНДЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ЕҢГІЗІЛГЕН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ ҮШІН ЖӘНЕ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ҮШІН ОҢ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ. Яғни, АЗМАТТАРДЫҢ ТАЛАП АРЫЗДАРЫ БОЙЫНША НЕМЕСЕ ӘКІМШІЛІК, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ІСКЕ ҚАТЫСУШЫ ТАРАПТАР СОТҚА КЕЛМЕЙ АҚ «WHAT'S APP», «TRUESONG» МОБИЛДІ ҚОСЫМШАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ АҚ СОТ МӘЖІЛІСТЕРІНЕ ҚАТЫСА АЛАДЫ.

Сонымен қатар кез-келген сотқа талаппен жүгінгісі келетін азаматтармен заңды тұлғалар интернет желісінен «Сот қабилеті» сервисін тандау арқылы сот кеңсесіне бармай-ақ өзінің жұмыс орынында, немесе үйінде отырып ақ талап арызын бере алады. Осы аталған сот жүйесіне енгізілген ақпараттық технология шалғайда тұратын азаматтармен заңды тұлғалардың қаржыларын және уақыттарын тиімді пайдалануына мүмкіндік беріп, әрі тәуліктің кез келген уақытында қажетті сот құжаттарымен, істің тарихымен, деректермен танысып, сот актісін басып шығаруына мүмкіншілік беріп отыр.

Тағы да айта кететін сот жүйесіне енгізілген ақпараттық технологиялардың біріншісі шақыру мәселесі. Нақты айтқанда, азаматтар мен заңды тұлғаларға қолайлы жағдай туғызу мақсатында соттарда SMS хабарламаны тараптардың ұялы телефондарына жолдап сотқа шақыру процесі елдеқайда жеңілдеді.

Е.АЛТЫБАЕВ,
Ойыл аудандық сотының
бас маманы.

Тазалық айлығы

КӨПТОҒАЙДА ЖҰМЫС КӨП

Қар кетісімен барлық ауылдық округтерде көктемгі тазалық айлығы басталып кетті. Аудан өкімінің өкімімен 10 сәуір мен 10 маусым аралығында тазалық айлығы деп жариялануына байланысты Көптоғай ауылдық округі бойынша тазалық айлығын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жоспар құрылып, бекітілді.

Округ елді-мекендеріндегі барлық кәсіпорындар мен мекеме ғимараттарының сырты ақталып, сырланып, айналасы тазартылып, көгалдандыру үшін талдар мен гүлдердің орындары дайындалды. Мекеме ғимараттарының, көшедегі ескірген баннерлер жаңартылып, мекеме қызметкерлерінің күйімен жеке тұрғын үйлердің сыртқы қасбетін ретке келтіру туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Елді мекендердің айналасындағы, автомобиль жолдары бойындағы және көшелердегі ретсіз тығылған қоқыс үйінділерінен, қатты тұрмыстық қалдықтардан тазартылып, белгіленген орынға тегілді. Көптоғай-Ойыл, Көптоғай-Амангелді, Көптоғай-Шұбарши,

Көптоғай-Қарасу, Бұлақ ауыларалық жолдары қоқыстардан тазартылып, Қыройыл, ЛТО бағытындағы, Аққолқа бағытындағы өзен бойлары қоқыстардан тазартылды. Округтің барлық елді мекендеріндегі жасыл желектерге түгендеу жұмыстары жүргізілуде. Шықпай қалған көшеттер орнына жаңа көшеттер отырғызу жоспарлануда. Қазіргі таңда 200-ден аса көктерек талдары дайындалды. Округ орталығында тағы бір саябақ жасақталып, көшет орны қазылып дайын тұр.

Ұчаскелік инспектор мен округ өкімдігі маманының бірлескен шарасы негізінде көше қасбетін бұзып тұрған, жеке тұрғын үйлерді аралап, үй иелеріне ескертулер берілді. Апта сайын таза бейсенбі акциясы ұйымдастырылып отыр. Округ аумағындағы барлық саябақтар қоқыстардан тазартылып, сырлау, өктеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге дейін акцияға 150 адам, 4 техника жұмылдырылып, 400 тонна қоқыс белгіленген орынға тегілді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес болып табылады. Өйткені, сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың қурылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді.

Кез келген өркениетті мемлекетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл толастаған емес. Өйткені, қоғам дамыған сайын бұл дерттің дендеп бара жатқаны кімді де болса алаңдатпай қоймайды. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі де осы – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Біз осы кесепелмен күресу арқылы өскелең ертепаққа да жемқорлықтың үлкен дерт екенін ұғындыра аламыз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 1-ші қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа аса мән беріп тоқталып өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа төсілерін енгізуге талпырма берілді.

Сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған адамдарды заң жүзінде қорғайтын жүйе қалыптастыруымыз қажет деді.

Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады.

Бүгінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңның талаптарын жүзеге асыру мақсатында басқармада іс-шаралар атқарылуда.

Атап айтсақ, департаменттің өдеп жөніндегі уәкілі қатысуымен болатын семинарлар, басқарма қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы және Әдеп нормаларын сақтау бойынша жиі техникалық оқулар жүргізіледі. Сонымен қатар, «Ақпараттық Сервис» жүйесімен Департаменттің және аудандық қазынашылық басқармаларының қызметкерлері тарапынан орын алған құқық бұзушылықтарға тоқсан сайын талдау жүргізіліп отырады. Қазіргі таңда, қазынашылық органында «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңының талаптарына сәйкес, жеке және заңды тұлғалар өкілдерінің өтініштері бойынша жедел түрде шара қабылдау үшін «Сенім телефондары» орналасқан, олардың нөмірлері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық назарына жүйелі түрде жеткізіледі. Мұнымен қоса, ғимарат ішіндегі қол жетімді жерлерде жеке және заңды тұлғалар өкілдерін басқарма басшысының және басшы орынбасарының қабылдауының кестесі, әр қызметкердің бөлмесінде бейнекамералар орнатылған.

Қазақстан Республикасының Президенті сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы айтқанда қоғамның көмегісіз жемқорлықты жеңу мүмкін еместігін бірнеше рет атап өтті. Осы орайда жемқорлықпен, құқық бұзушылықпен күрес мәселесі тек мемлекеттің ғана емес, Қазақстан Республикасының әрбір азаматының міндеті, әрі халық алдындағы борышы екенін естен шығармағанымыз жөн.

Т.РЫСҚАЛИЕВ,
Ойыл аудандық қазынашылық
басқармасының басшысы.

ТАҒАЙЫНДАУ

Аудан өкімінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі №181 өкімімен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабының 1-тармақшасына және 27 бабының 5-тармағына сәйкес Сүлейменов Саян Сапарұлы 2021 жылғы «13» сәуірден бастап конкурстық комиссияның оң қорытындысын алуына орай «Ойыл ауданы өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Е-1 санатындағы Ойыл ауданы өкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Өмірбаяны

Сүлейменов Саян Сапарұлы - 1975 жылы 8 шілдеде Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары. 1997 жылы - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін «Тарих», 2016 жылы - Қазақ-Орыс Халықаралық Университетін «Экономика» мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1994 - 2002 жылдары Шығанақ Берсиев атындағы орта мектепте мұғалім қызметінен бастаған.

2002 ж. қазан - 2003 ж. желтоқсан айларында Шығанақ Берсиев атындағы орта мектебінде мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

2003 ж.желтоқсан – 2005 ж.наурыз айларында Шығанақ Берсиев атындағы мектеп-балабақшасының директоры қызметінде болған.

2005 ж.наурыз – 2009 ж. наурыз айларында Қаратал ауылдық округінің өкімі қызметін атқарған.

2009 ж.наурыз – 2009 ж. желтоқсан айларында Ойыл ауданы өкімінің орынбасары қызметінде болған.

2009 ж.желтоқсан – 2016 ж. желтоқсан айларында Ойыл аудандық білім бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

2016 ж.желтоқсан – 2018 ж. желтоқсан айларында Ойыл ауданы өкімі аппаратының басшысы қызметінде болған.

2018 жылдың желтоқсан айынан бастап осы қызметке тағайындалғанға дейін Ақтөбе қалалық білім бөлімінің басшысы қызметін атқарды.

Отбасылы, 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.

«ИНВАТАКСИ» ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



Қайырымдылық жасау қазақтың қанынан сіңген қасиет. Қара бастың емес, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүмкіндігін кеңейту нағыз ердің ісі. Осыдан бірнеше жыл бұрын ауданымызда алғаш рет инватаксисті қызметі іске қосылған болатын. Ол кезде мүмкіндігі шектеулі жандардың тілеуі орындалды деп қуанған едік. Алайда инватаксисті қызметі ұзаққа бармады. Ауданымыз шағын болғанымен мүмкіндігі шектеулі жандардың әрі-бері қатынауы қиын екендігін ескерген аудан өкімі Асқар Қазыбаев жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, инватаксисті қызметін қайта іске қосты. Бүгінгі күні осы инватаксисті қызметін пайдалану үшін мүмкіндігі шектеулі жандар жеке кәсіпкерлері мен мүгедектігі бар анықта-

масының көшірмесін «Жұмыспен қамту орталығына» тапсыруға болады. Ол жерде арнайы диспетчерлік орталық құжаттар қабылдайды. Инватаксисті және II топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тегін қызмет көрсетеді. Инватаксистің жүргізушісі «Мүмкіндігі шектеулі жандар арнайы кәсіпкерлік кез келген уақытта шақыртып, қажетті жерлеріне бара алады.

Біз бірінші кезекте мүмкіндігі шектеулі жандардың жұмыс орындарына, медициналық мекемелерге және басқа да әлеуметтік қызметтер көрсетілетін жерлерге жеткізіп, қайтадан үйлеріне әкеліп отырамыз», - дейді.

Өз тілшіміз.

ОЙЫЛДЫҢ «КӨЗІН АШҚАН» КӨПІР

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Теміржолдан жырақ Ойыл үшін көтерме жол аудан экономикасының күре тамыры. Осыдан 15 жыл бұрын Қобда селосынан Ойылға қарай асфальт жол салына бастағанда оның келешегіне күмәнмен қарағандар аз болған жоқ. Бұл қуатты Кеңес үкіметі сала алмаған жолды өлі де экономикасы өлсіз мемлекеттің өлеуетіне сенбегендік еді. Ол тұста облыстың тізігін ұстаған Елеусін Сағындықовтың Ойылға бүйрегі бұрғаны да рас. Өзінің өмірінің жастығы өткен өлке үшін қолға алған алғашқы жобасы жол құрылысы



еді. Бірақ, ойылдықтар үшін жолдан бұрын «Жолдыбай көпірдің» көрсеткен азабы көп. Көктемде кей жылдары аптапал, кей жылдары айға жуық қатынас үзіліп қалатын. Осы бейнетті көзімен көріп, басынан кешкен Елеусін Наурызбайұлы Ойыл-Қобда жолының сызбасын дайындаушыларға осы көпірдің биіктігін баса ескертсе керек. Сөйтіп, 14 жылдан бері Саралжының тұсындағы Ойыл өзенінің үстіне салынған көпір аудандың күре тамырының қалыптасуына қамтамасыз етіп отыр. Сол кезде көпір мен күре жолдың ашылу салтанатына арнайы келген Елеусін Наурызбайұлы халықтың үлкен қуанышымен бөліскен еді. Бұл Тәуелсіздігін 30 жыл бұрын жариялаған Қазақ Елінің бір бөлшегі Ойыл ауданы үшін төндесі жоқ тарту.

ШЕНЕУНІКТЕР ҚАНДАЙ СЫЙЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ?

ӨТКЕН АПТАДА ӨНІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ АЛАҢЫНДА ОБЛЫСТЫҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН БРИФИНГ ӨТКІЗІЛДІ.

Департамент басшысының бірінші орынбасары Ғалымбек Досанов және басшының орынбасары Данияр Ақуан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің өкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу жөніндегі құзыретін бекітетін Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген түзетулер туралы айтып берді.

Алдағы уақытта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 15-бап бойынша өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыратын болады.

Олардың ішінде Кодекстің 6 сыбайлас жемқорлық бабы (ӨЖБТҚ-нің 676-681-баптары), кесіпкерлік қызмет саласындағы 2 құрам (ӨЖБТҚ-нің 154, 173-баптары), мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын және өкімшілік немесе қылмыстық іс жүргізу кезіндегі бұзушылықтарға байланысты 7 құқықбұзушылық (ӨЖБТҚ-нің 658-662, 665, 667-баптары) бар.

Ғалымбек Досанов өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (өрекетсіздігі) немесе жеңілдіктер беру үшін, егер мұндай әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса лауазымды тұлғалар үшін көзделген жауапкершілік туралы айтып берді.

«Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген немесе оған теңестірілген тұлғаларға бұл жағдайда 600 айлық есептік көрсеткіш немесе 1,8 млн теңге көлемінде айыппұл салынуы мүмкін. Дәл осындай жағдай сыйлық берушілерге де қатысты. Сыйақылар, сыйлықтар немесе жеңілдіктер бергені үшін жеке тұлғалар ӨЖБТҚ-нің 676-бабы бойынша 200 АЕК көлемінде айыппұлға тартылады, бұл шамамен 600 мың теңге», – деді Ғалымбек Досанов.

Спикер қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілерінің болмауы ретінде алынған заңсыз сыйақы немесе сыйлық сомасының 2 АЕК аспауын, алдын ала уағдаластықтың не сыйақыны бопсалаудың болмауын атап өтті.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдамағаны үшін лауазымды тұлғаларға 300 мың теңгені құрайтын айыппұл жазасы қарастырылған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін жауапкершілікті көздейтін

Кодекстің 680-бабы – аталған лауазымды тұлғаларға 100 АЕК көлемінде, бұл шамамен 300 мың теңге айыппұл салуға өкелі соғады» – деді Данияр Ақуан.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдамау деп – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда белгіленген бірқатар талаптарды атайды. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау, мүдделер қақтығысын болдырмау, қаржылық бақылау шаралары, басшылардың тікелей қарамағындағыларының сыбайлас жемқорлығы үшін дербес жауапкершілігі, квазимемлекеттік секторда міндетті комплаенс-қызметтерді енгізу.

Сондай-ақ, спикерлер бұрын жемқорлық қылмыстарын жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілерін айыппұлдың қарастырылғандығын атап өтті. Данияр Ақуан бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдағаны үшін мемлекеттік органның немесе ұлттық компанияның басшысы өз қалтасынан 100 АЕК көлемінде айыппұл төлейтінін хабарлады.

Спикерлер брифинг барысында ӨЖБТҚ сыбайлас жемқорлық баптары жөнінде егжей-тегжейлі ақпарат беріп, шара соңында БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

ЗА КАКИЕ ПОДАРКИ ЧИНОВНИКИ МОГУТ ПОПЛАТИТСЯ?

В ПРОШЛОЙ НЕДЕЛЕ НА ПЛОЩАДКЕ РЕГИОНАЛЬНОЙ СЛУЖБЫ КОММУНИКАЦИЙ СОСТОЯЛСЯ БРИФИНГ С УЧАСТИЕМ ПРЕСТАВИТЕЛЕЙ ОБЛАСТНОЙ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СЛУЖБЫ.

Первый заместитель руководителя Департамента Ғалымбек Досанов и заместитель руководителя Данияр Ақуан рассказали о введенных поправках в Кодекс об административных правонарушениях, закрепляющих компетенцию антикоррупционной службы по выявлению и пресечению административных правонарушений.

Впредь сотрудники Антикоррупционной службы будут составлять протокола об административных коррупционных правонарушениях по 15 статьям. В их числе все 6 коррупционных статей Кодекса (ст. ст. 676-681 КоАП), 2 состава в области предпринимательской деятельности (ст. ст. 154, 173 КоАП), 7 правонарушений, посягающих на институты государственной власти и связанных с нарушениями при административном либо уголовном производстве (ст. ст. 658-662, 665, 667 КоАП).

Ғалымбек Досанов рассказал об ответственности должностных лиц за получение лично или через посредника незаконного материального

вознаграждения, подарков, льгот либо услуг за действия или бездействие в пользу лиц, их предоставивших, если эти действия не содержат признаков уголовного наказуемого деяния.

«Лица, уполномоченные на выполнение государственных функций, либо приравненные к ним будут привлекаться к штрафу в размере 600 месячных расчетных показателей или порядка 1,8 млн. тенге. Аналогичная ситуация и с предоставлением подарков. За предоставление вознаграждений, подарков или льгот физические лица понесут наказание по ст. 676 КоАП в виде штрафа размером 200 МРП, это почти 600 тыс. тенге», – сказал Ғалымбек Досанов.

Отсутствием признаков уголовного наказуемого деяния спикер назвал сумму полученного незаконного вознаграждения или подарка, не превышающего 2 МРП, отсутствие предварительной договоренности либо вымогательства вознаграждения.

Кроме того, за принятие мер по противодействию коррупции должностные лица будут наказаны штрафом порядка 300 тысяч тенге.

По статье 680 Кодекса, предусматривается ответственность руководителей госорганов и иных должностных лиц за принятие мер по противо-

действию коррупции, влечет наложение штрафа на вышеуказанных должностных лиц в размере 100 МРП, а это порядка 300 тыс. тенге», – сказал Данияр Ақуан.

Под принятием мер по противодействию коррупции понимается ряд требований, установленных Законом «О противодействии коррупции». Это и принятие антикоррупционных ограничений, и предотвращение конфликта интересов, и меры финансового контроля, и вопросы персональной ответственности руководителей за коррупцию непосредственных подчиненных, обязательность введения комплаенс-служб в квазигосударственном секторе.

Также спикеры рассказали о том, что за принятие на работу бывших коррупционеров тоже грозит штраф. Как сообщил Данияр Ақуан за принятие на работу лиц, ранее совершивших коррупционные преступления, руководитель госоргана или нацкомпании из своего кармана заплатит штраф в сумме 100 МРП.

В ходе брифинга спикеры подробно рассказали о коррупционных статьях КоАП, а в завершении мероприятия ответили на вопросы представителей СМИ.

Ақтөбе облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі

Антикоррупционная служба Актобинской области

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРҒА АРНАЛҒАН КӨМЕК

Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының «ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. Мүгедектерді кресло-арбамен қамтамасыз ету;

Протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету;

Сурдотехникалық құралдармен қамтамасыз ету;

Кохлеарлы имплантаттары бар мүгедек балаларды сөйлеу процессорларымен қамтамасыз ету;

Тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету;

Міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету;

Шипажайлық-курорттық ем алу;

Қозғалыста қиыншылық көретін бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекші қызметін ұсыну, есту бойынша мүгедектерге ымдап сөйлеу маманының қызметін ұсыну;

Мүмкіндігі шектеулі ересектер мен балаларға (мүгедектерге) үй жағдайында әлеуметтік қызмет көрсету;

Арнайы интернат-үйлерге жолдама алу;

Мүгедек такси;

Егер сіздің жанаяңызда біреу қатты ауырып қалса немесе жұмыс уақытында немесе жазатайым оқиға салдарынан жарақат алса, мүгедектік санаты анықталғаннан кейін сіз мемлекет тарапынан белгілі бір көмекке талаптана аласыз.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде Әлеуметтік қызметтер порталын 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосты.

Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі-портал) әлеуметтік-еңбек саласының бірінші ақпараттық жүйесінің бір бөлігі болып табылады және мүгедектігі бар адамдарға тікелей жеткізушілерден оңалту құралдары мен қызметтерін дербес сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған жүйе болып табылады.

Портал 6-дан (инвентакы қызметтерінен басқа) 5-үдерісті цифрлауды көздейді, бұл:

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету;

ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;

жеке көмекшінің қызметін көрсету; санаторий-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

Әлеуметтік қызметтер порталы Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарды іске асыру шеңберінде әзірленді. Бүгінгі күні мүгедектігі бар адамдар Портал арқылы 55 техникалық оңалту құралдарының (бұдан әрі - ОТҚ) 24 түрін және мемлекеттік мекемелердің арнаулы әлеуметтік қызметтеріне тапсырыс бере алады.

Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдарды, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды. Арнайы әлеуметтік қызметтерге жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының қызметтері және санаторлық-курорттық емдеу жағдайы.

Портал енгізу оңалту құралдары мен қызметтеріне тең қолжетімділікті, үйден шықпай-ақ «бір терезе» арқылы уақытылы әлеуметтік көмек көрсетуді, сондай-ақ жеке қажеттіліктерді, жеткізушілер, әлеуметтік қызметкерлер мен мамандар туралы мәліметтерді есепке алуға қамтамасыз етеді. Бұл адал бәсекелестікті арттырып, әлеуетті өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруға қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Порталда ұсынылған ТОҚ 24

түрінің тізімі

Өнім берушілерді порталда тіркеу тәртібі

Әлеуметтік қызметтер порталымен жұмыс істеу жөніндегі пайдаланушылардың нұсқауларын сіз https://aleuemet.gov.kz/ru/support сілтеме арқылы таба аласыз.

Қызмет алушылар порталды өз бетінше немесе Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлерінің көмегімен пайдалана алады.

Әлеуметтік қызметтер порталын пайдалану құрастарына тиісті Әлеуметтік-еңбек саласы бойынша бірінші байланыс орталығының 1411 нөміріне хабарласыңыз.

Ескерту: бөлмелік креслолар мүгедектерге жеті жылға, серуендеу креслолары төрт жыл пайдалану мерзіміне беріледі.

Кохлеарлы имплантаттары бар мүгедек балаларды сөйлеу процессорларымен қамтамасыз ету;

Сөйлеу процессорымен кохлеарлы импланттарға ауыстыру және баптау қызметі кохлеарлы имплантаттары бар мүгедек балаларға сөйлеу процессорларын сатып алу, ауыстыру және баптаудан тұрады.

Сөйлеу процессорларын ауыстыру қызметі мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі

Кохлеарлы имплантаттары бар мүгедек балалардың сөйлеу процессорларын орнатылған (ауыстырылған) күннен бастап бес жыл өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Кохлеарлы имплантаттын бұрын берілген сөйлеу процессорын ауыстыру кезінде оны ұйымға қайтару қажет.

Кохлеарлы имплантаттары бар мүгедек балаларға сөйлеу процессорларын ауыстыру қажеттілігі, сонымен қатар кохлеарлы имплантаттарға орнатылатын сөйлеу процессорларының түрлері (модель) сурдологиялық кабинеттерде / орталықтарда кохлеарлы имплантациясын іріктеу комиссиясымен анықталады.

Комиссия құрамы мен жұмыс тәртібі облыстардың Денсаулық сақтау басқармаларының бұйрықтарымен бекітіледі.

Сөйлеу процессорын ауыстыру қажеттілігі туралы комиссияның қорытындысы сөйлеу процессорының түрін (модельін) көрсетумен тексерілген тұлғаның қолына (немесе оның заңды өкіліне) беріледі.

Сөйлеу процессорын ауыстыруды қажет ететін кохлеарлы имплантаттары бар мүгедек балалар (олардың заңды өкілдері) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар аудандық бөліміне өтініш жазайды және келесі құжаттарды ұсынады:

мүгедек баланың жеке басын куәландыратын құжат;

ата-анасының біреуінің жеке басын куәландыратын құжат (қамқоршысының, қорғаншысының);

жеке сөйкестендіру нөмірі - жеке басын куәландыратын құжатта жеке сөйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда;

МОБ-ның әлеуметтік бөлімінен үзінді;

комиссия қорытындысы;

тұрақты мекенжайы (мекенжай анықтамасы немесе село және/немесе ауыл өкілдерінің анықтамасы) бойынша тіркелуді растайтын құжат.

Құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері салыстыру үшін бірге ұсынылады, салыстырылғаннан кейін түпнұсқалары қызмет алушыға қайтарылады.

Мүмкіндігі шектеулі ересектер мен балаларға (мүгедектерге) үй жағдайында әлеуметтік қызмет көрсету;

Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу бойынша 17 жалғызбасты қарттар мен жеке оңалту

бағдарламасына сәйкес 11 мүгедек балаларға қызмет көрсетілуде.

Мүмкіндігі шектеулі ересектер мен балаларға (мүгедектерге) үй жағдайында әлеуметтік қызмет көрсету бұл:

жеке оңалту бағдарламасына негізделген әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау;

тұрақты күтімді қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балаларға қажетті әлеуметтік-педагогикалық қызмет ұсыну;

мемлекеттік әлеуметтік, медициналық, консультативтік және басқа да көмек алуға ықпал ету;

мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерін шешуге қатысу.

Үй жағдайында көрсетілетін әлеуметтік қызмет алу үшін ата-аналар (қамқоршылар, қорғаншылар, патронат тәрбиешілер немесе оларды алмастыратын тұлғалар) тіркелу орны бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар аудандық бөлімдерінің әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелеріне жүгінуі қажет.

Сізге ұсыну қажет:

белгіленген нысандағы өтініш;

мүгедек баланың ата-анасының немесе басқа заңды өкілінің (қамқоршы, қорғаншы, патронат тәрбиеші, асыраушы немес оларды алмастыратын басқа тұлғалар) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

Облыстық Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту орталығының психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясының қорытындысы;

мекенжай анықтамасы немесе село және/немесе ауыл өкілдерінің анықтамасы;

мүгедектің есепте тұрған медициналық мекемедегі медициналық карта-сы;

мүгедектік туралы анықтама;

мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді.

Қызмет көрсету мерзімі: 14 жұмыс күні. Қызмет көрсетудің соңғы нәтижесі: әлеуметтік арнайы қызметтер алу үшін кезекке қою туралы хабарлама.

Егер есепке қою туралы хабарлама берілген күннен бастап бір айдан астам уақыт өтсе, жолдаманы рәсімдеу кезінде қайта медициналық тексеріп-қараудан өту және медициналық карта ұсыну қажет. Қызмет алушыда медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда, жергілікті атқарушы органның арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну туралы шешімі қызмет алушы медициналық картаны ұсынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Мүгедектер мен қарттарға үйде қызмет көрсетуге белсенді процесс сатысындағы түберкулездің, психикалық аурулардың (соматикалық ауру кезіндегі невроздардың, неврозға ұқсас жай-күйлерді), ақыл-ес кемістігі мен жеке басының айқын білінетін өзгерісі жоқ, сирек ұстамасы бар (2-3 айда бір реттен артық емес) этиологиясы өртүрлі тырыспалы синдромдарды қоспағанда), карантиндік инфекциялардың, жұқпалы тері мен шаш ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің, сондай-ақ мамандандырылған медициналық ұйымдарда емдеуді қажет ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсеткіштер болып табылады.

Арнайы интернат-үйлерге жолдама алу

Мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелейтін отбасы оған медициналық күтім жасау мен оңалтудың, әлеуметтік бейімделу және оқыту ерекшеліктеріне байланысты туындайтын қиындықтарға тап болады. Мүгедек балаларға ерекше тәсіл қажет болғандықтан, мемлекет балаға медициналық көмек көрсету және әлеуметтік бейімдеу кезінде оның ауру сипаты мен ауырлығы есепке алынатын арнайы интернат-үйлер құрған. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) 1 мүгедек балаға арнаулы

әлеуметтік қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша Жартылай стационарлық үйде жеке оңалту бағдарламаларына сәйкес - өнім беруші «Ойыл мүгедектерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі «Жартылай стационар жағдайында тірек қозғалысы аппаратында бұзушылықтар бар мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесімен көзделген арнаулы әлеуметтік қызметтер» мүмкіндігі шектеулі 12 балаға көрсетілуде.

Стационарлық жағдайда (арнайы интернат-үйлерде) мұқтаж адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі:

психоневрологиялық ауытқулары бар 3-тен 18 жастағы мүгедек балаларға;

тірек-қимыл аппараты бұзылған 3-тен 18 жастағы мүгедек балаларға; психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектерге; бірінші және екінші топтағы мүгедектерге.

Еңбек етуге қабілетсіз көмекке мұқтаж ата-аналары, жұбайын (зайыбын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбек етуге қабілетті кемелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) жоқ немесе объективті себептер бойынша (бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуына, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына, наркологиалық диспансерде есепте тұруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне немесе басқа елді мекенде тұруына, қосымша жұбайы (зайыбы) үшін – егде жаста болуына байланысты) оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз ете алмайтын еңбек етуге қабілетті кемелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) бар егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ мүгедектерге.

Интернат-үйге жолдама алу үшін Ақтөбе облыстық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік қызметі

Мүгедектік себебі	жалпы аурудан	бала кезінен 16 жасқа дейін	Жұмыс орынында жүріп мүгедектік алғандар	бала кезінен	Семей снақ полигоны зардабынан	кенес армиясы	ЧАС	16-18 мүгедек балалар	Барлығы
бала кезінен		75							75
I топ	16			10				3	29
II топ	92		2	60		1		4	159
III топ	90		4	58	5		1	2	160
барлығы	198	75		128	5	1	1	9	423

тұтынушының тіркелу жері бойынша аудандық бөліміне жүгінуі қажет.

Бұл үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

қызмет алушының жазбаша өтініші, ал кемелетке толмаған және еректеке қабілетсіз адамдар үшін – заңды өкілінің (ата-анасының біреуінің, қамқоршының, қорғаншының, асырап алушының, патронат тәрбиешінің және Кодекске сәйкес қамқор болуды, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың құқықтарын мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа да алмастыратын адамдардың, он сегіз жастан асқан адамның) жазбаша өтініші;

қызмет алушының жеке сөйкестендіру нөмірі бар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

мүгедектік туралы анықтаманың көшірмелері (қарттар үшін талап етілмейді);

медициналық карта;

мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірме (қарттар үшін талап етілмейді);

он сегіз жастан асқан адамдар үшін – тұлғаны еректеке жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің көшірмесі (болған жағдайда);

зейнеткерлік жастағы адамдар үшін – зейнеткерлік куәлігінің көшірмесі;

Ұлы Отан соғысының қатысушы-



лары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар үшін – Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедектігі және оларға теңестірілген адамның мәртебесін растайтын куәліктің көшірмесі.

Қызмет көрсету мерзімі: 17 жұмыс күні. Қызмет көрсетудің соңғы нәтижесі: медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтердің көрсетілу мерзімін көрсетумен құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы себептемелі жауап.

Мүгедектакси

«Мүгедектерге – лайықты өмір» жобасы аясында I және II топтағы мүгедектігі бар мүмкіндігі шектеулі адам тегін такси қызметін пайдалана алады. Бұл үшін арнайы телефонмен диспетчерлік қызметке қоңырау шалып, белгілі күнге және уақытқа автомобиль шақыру қажет. Содан кейін көлік келіп, адамды алып кетеді, қажетті орынға тағайындалған уақытта тегін апарайды және кері қайтып алып келеді.

ТЫҢ СЕРПІН ТАНЫТҚАН «ДАРАБОЗ»

Қазірде заман өзгерген сайын техниканы қолдану басымдық танытып, кітап оқитын оқорман саны азайып бара жатқандай. Адамдар адамгершілікті жоғалтып, жүректерін тасқа айналдырып жатыр. Ал осы қатігездікке жол бермей шипа болатын - көркем әдебиет. Көркем әдебиет адам жанын қозғай алатын жанды сөз. Шындықтың сырлы суретін көрсететін айна іспетті. Қазақ көркем сөзін де қоғам өмірінің айнасы қылған зерделі сөз зергерлері аз емес. Соның бірі тың тақырыпта сыр шерткен, қазақ проза-сында тарихи роман жанрын жаңғыртқан – Қабдеш Жұмаділов.

Оқырман ықыласына бөленген қаламгер Шыңжаң өлкесіндегі Тарбағатай төсінде, Малдыбай бұлағында дүние есігін ашқан. Азан шақырып шығыстың қиссасынан алынған Қабдырашит деген есімді қойған екен, бірақ ата-ана, ауыл-аймағы еркелетіп Қабдеш атап келтіпті. Жазушының өмірде әділетті тура жолдың туын ұстап, тек шындықты шырқауы ата-бабасының тәрбиесі. Арғы атасы жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлік көрсеткен Бұқа батыр болса, атасы Кудері қара қылды қақ жарған Төртуыл елінің биі болыпты, ал өз әкесі Жұмаділ Сібеті деген жерде мектеп салдырған. Осы әкесі салған төрт қаластық бастауыш мектепте сауатын ашып, үздік бағамен бітіреді. Ары қарайғы оқуды тастамай, кейін романдарында кейіпкерлеріне айналған Тұрсын, Шөкен сынды ұстаздардан білім алған.

Халық Қабдеш Жұмаділовті Мұхтар Әуезовтен кейінгі қара сөздің зергері деп таныса да, қаламгер әдебиет өлеміне өлеңмен келген ақын. Ең алғашқы өлеңі «Шыңжаң» газетінде жариялап, одан кейін де жергілікті газет-журнал беттеріне үзбей өлеңдерін шығарып тұрған. Осылайша Қ. Жұмаділовтің туңғыш өлеңдер жинағы 1966 жылы «Жас дәурен» деген атпен басылып шықты.

1956 жылы Шәуешек гимназиясын бітірген кезде, шетелге оқуға мүмкіндік алады. Сөйтіп, өкіметтің жолдамасының арқасында қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға филология факультетіне оқуға түседі. Ата-жұртымен көріскен кезінде қуанышы екі еселе-неді. Себебі қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовпен көріссем деген арманы орындалады. Бұл туралы қаламгер былай еске алады: «Қазан айының бас кезі. Бір күні студенттер арасында Әуезов үшінші курсқа Абайтанудан лекция оқыды деген хабар дүр ете түсті. Енді, бір күні, кезекті лекциядан шықсақ, Әуезов кіші залда сабақ өткізіп жатыр екен. Есігін ашуға ыңғайсызданып, аяқталуын күттім. Менің қасымда Мұразахан, Төлеубек, Аманжан сынды жігіттер бар еді. Бірауқытқа, бір топ адам есікке қарай беттепк еледі. Ортада - М. Әуезов, маңайында Теміргали Нұртазин, Зейнолла Қабдолов және Мескен Сармурзина алай бар. Ол кезде шетелдік студент Алматы жұртына таңсық. Бұл Әуезовтің де құлағына шалынып, бізді өзі шақыртып алды. Осылай жүзбе-жүз сөйлесудің сөті түсті:

